«2. Тұрғынжайдың, саяжай құрылысының бір шаршы метрінің ұлттық валюталадағы базалық құны (К 6) елді мекенің түріне қарай мынадай мөлшерде айқындалады:

Р/с №	Елді мекенің санаты	Базалық құны теңгемен
1	2	3
Қалалар:		
1. Алматы		60 000
2. Шымкент		36 000
3. Нұр-Сұлтан		60 000
4. Ақтау		36 000
5. Ақтөбе		36 000
6. Атырау		36 000
7. Көкшетау		36 000
8. Қарағанды		36 000
9. Қостанай		36 000
10. Қызылорда		36 000
11. Орал		36 000
12. Өскемен		36 000
13. Павлодар		36 000
14. Петропавл		36 000
15. Талдықорған		36 000
16. Тараз		36 000
17. Түркістан		12 000
18. Облыстық маңызы бар қалалар		12 000
19. Аудандық маңызы бар қалалар		6 000
20. Кенттер		4 000
21. Ауылдар		2 700

2) Салық кодексінің 529-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің қолданысы 2022 жылғы 3 мамырдан бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленісін:

«2. Тұрғынжайдың, саяжай құрылысының бір шаршы метрінің ұлттық валюталадағы базалық құны (К 6) елді мекенің түріне қарай мынадай мөлшерде айқындалады:

Р/с №	Елді мекенің санаты	Базалық құны теңгемен
1	2	3
Қалалар:		
1. Алматы		60 000
2. Шымкент		60 000
3. Астана		60 000
4. Ақтау		36 000
5. Ақтөбе		36 000
6. Атырау		36 000
7. Жезказған		12 000
8. Көкшетау		36 000
9. Қарағанды		36 000
10. Қонаев		12 000
11. Қостанай		36 000
12. Қызылорда		36 000
13. Орал		36 000
14. Өскемен		36 000
15. Павлодар		36 000

16. Петропавл	36 000
17. Семей	12 000
18. Талдықорған	36 000
19. Тараз	36 000
20. Түркістан	36 000
21. Облыстық маңызы бар қалалар	12 000
22. Аудандық маңызы бар қалалар	6 000
23. Кенттер	4 200
24. Ауылдар	2 700

4) мынадай мазмұндағы 43-10-баппен толық-тырылсын: «43-10-бап. Салық кодексінің 531-бабы 2-тармағы бірінші бөлігінің қолданысы 2022 жылғы 3 мамырдан бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөлік мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленісін:

«2. Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерге (үй жанындағы учаскелерді қоспағанда) арналған базалық салықтық мөлшерлемелер алаңның бір шаршы метріне есептегенде мынадай мөлшерде белгіленеді:

Р/с №	Елді мекенің санаты	Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен құрылысжайлар алып жатқан жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер (тенге)
1	2	3
Қалалар:		
1. Алматы		0,96
2. Шымкент		0,58
3. Астана		0,96
4. Ақтау		0,58
5. Ақтөбе		0,58
6. Атырау		0,58
7. Жезказған		0,39
8. Көкшетау		0,58
9. Қарағанды		0,58
10. Қонаев		0,39
11. Қостанай		0,58
12. Қызылорда		0,58
13. Орал		0,58
14. Өскемен		0,58
15. Павлодар		0,58
16. Петропавл		0,58
17. Семей		0,39
18. Талдықорған		0,58
19. Тараз		0,58
20. Түркістан		0,39
21. Алматы облысы:		
22. облыстық маңызы бар қалалар		0,39
23. аудандық маңызы бар қалалар		0,39
24. Ақмола облысы:		
25. облыстық маңызы бар қалалар		0,39
26. аудандық маңызы бар қалалар		0,39
27. Облыстық маңызы бар қалған қалалар		0,39
28. Аудандық маңызы бар қалған қалалар		0,19
29. Кенттер		0,13
30. Ауылдар		0,09

5) мынадай мазмұндағы 44-2 және 44-3-баптармен толықтырылсын:

«44-2-бап. Салық кодексінің 606-4-бабының қолданысы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы бап мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленісін:

«606-4-бап. Салықтық кезең және салық декларациясы 1. Төлемашыны есептеу үшін күнтізбелік жыл салықтық кезең болып табылады.

2. 2022 жыл үшін декларация салық төлеушінің орналасқан жеріндегі салық органына есепті жылдан кейінгі жылдың 31 наурызынан кешіктірмей ұсынылады.».

44-3-бап. Салық кодексінің 606-5-бабы 2-тармағының қолданысы 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады деп белгілесін: «2. Салық төлеуші төлемасыз сомасын бюджетке декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей төлейді.»»;

6) 45-2-бапта: мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толық-тырылсын:

«Бұл ретте «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банкерде шоттарды (салымдарды) ашу және иелену, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банкерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеуді қабылдайтын адамдар активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда банктік салым сомасына қарамастан, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жердегі шетелдік банкерде ақшасының бар-жоғы туралы ақпаратты көрсетеді»;

он бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын: «Бағалы қазбалар, туынды қаржы құралдары (орындаушы базалық активті сатып алу немесе өткізу арқылы жүргізілетін туынды қаржы құралдарын қоспағанда), цифрлық активтер»;

он тоғызыншы абзац «қалауы бойынша» деген сөздерден кейін «есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына» деген сөздермен толықтырылсын:

7) мынадай мазмұндағы 46-1, 57-11, 57-12, 57-13 және 57-14-баптармен толықтырылсын: «46-1-бап. Салық кодексінің 683-бабының 2-тармағы 3) тармақшасы аттыңшы абзацының қолданысы 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленісін:

«Жер қойнауын пайдалануды (кен іздеушілікке арналған лицензия негізінде жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті қоспағанда)»»;

«57-11-бап. Жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігі бар төлеушілер тіркетін, шығарылаған жылдан қоса алғанда, 7 жылға дейінгі N3 санатындағы көлік құралдарына (ершікті тартқыштар) қатысты 2028 жылғы 1 қаңтарға дейін Салық кодексінің 553-бабының 4-тармағында белгіленген, механикалық көлік құралдарын бастапқы мемлекеттік тіркегені үшін алым мөлшерлемелері қолданылмайды деп белгіленісін.

57-12-бап. Еуразиялық экономикалық одақа мүше болып табылатын мемлекеттің аумағына бұрын Қазақстан Республикасының аумағынан Еуразиялық экономикалық одақа мүше басқа мемлекеттің аумағына қайта өңдеу үшін әкелінген алыс-беріс шикізатының қайта өңдеу өнімдерінің экспортын растау мақсаттары үшін 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 1 қаңтарға дейінгі кезеңге тауарға ілесе құжаттардың көшірмелерін қолдануға болады деп белгіленісін.

57-13-бап. 2018 жылғы 1 қаңтар – 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығында лотерея операторы лотерея билеттерін, қиғаныштарды немесе өзге де құжаттарды өткізген кездегі айналм мөлшері өткізілген лотерея билеттерінің, қиғаныштар мен өзге де құжаттардың құны мен лотереяға қатысушыларға төленген ұтыстар, сондай-ақ салықтық емес төлем түрінде бюджетке есепке жатқызуда жататын талап етілмеген ұтыстар арасындағы он айырма мөлшерінде айқындалады деп белгіленісін.

57-14-бап. 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған, тәуекел дәрежесін бағалау негізінде ерекше тәртіп бойынша жүргізілетін салықтық тексерулер Салық кодексінде көзделген белгіленген мерзімдерде аяқталады деп белгіленісін.».

2-бап. Қазақстан Республикасының аумағына 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген механикалық көлік құралдарының жекелеген санаттарын бастапқы тіркеген үшін алым 200 000 тенге мөлшерінде төленеді және оларға «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 553-бабы 4-тармағы кестесінің 4-жолының ережесі қолданылмайды деп белгіленісін.

Механикалық көлік құралдарының санаттарын, осы бапта көрсетілген алым мөлшерлемесін қолдану тәртібін,

шарттары мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3-бап. Жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты төлеушілер болып табылатын жер қойнауын пайдалану-шылар «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 766-бабының 1-тармағына сәйкес 2022 жылғы 31 желтоқсанда қоса алғанда дейін жіберілген хабарлама негізінде жер қойнауын пайдалануға баламалы салықты осындай хабарлама жіберілген күнге қолданыста болатын мөлшерлемелер бойынша есептеуді және төлеуді 2023 жылғы 31 желтоқсанда қоса алғанда дейін жүзеге асырады деп белгіленісін.

4-бап. 1. Осы Заң: 1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 27) тармақшасын, 2-тармағы 1) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарын;

2) 2018 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 44) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 45) және 46) тармақшаларын; 3) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын; 51) тармақшасының сегізінші абзацын, 2-тармағы 1) тармақшасының жиырма екінші және жиырма үшінші абзацтарын; 4) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 2-тармағы 1) тармақшасының алтыншы және жетінші абзацтарын; 5) 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 43) тармақшасын, 73) тармақшасының үшінші абзацын, 82) тармақшасының сегізінші абзацын, 87) тармақшасының екінші абзацын және 135) тармақшасын, 2-тармағы 1) тармақшасының сегізінші – он тоғызыншы, отыз жетінші – қырқыншы абзацтарын;

6) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 130) тармақшасын;

7) 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағының 5), 25), 109), 110) және 111) тармақшаларын, 112) тармақшасының жетінші абзацын;

8) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының төртінші – жетінші абзацтарын, 2), 26), 33), 64), 74), 97), 98), 101), 107) және 108) тармақшаларын, 112) тармақшасының екінші – алтыншы абзацтарын, 114), 115), 116) және 117) тармақшаларын, 120) тармақшасының екінші абзацын, 121), 124), 150), 151), 152) және 153) тармақшаларын, 2-тармағы 1) тармақшасының отыз бесінші және отыз алтыншы абзацтарын қоспағанда, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналар: 1) осы Заңның 1-бабы 1-тармағы 54) тармақшасының екінші – алтыншы абзацтары, 2-тармағы 1) тармақшасының жиырмасыншы және жиырма бірінші абзацтары 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады;

2) осы Заңның 1-бабы 1-тармағы 54) тармақшасының тоғызыншы және оныншы абзацтары, 61), 78) және 85) тармақшалары 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады;

3) осы Заңның 1-бабы 2-тармағы 1) тармақшасының қырық бірінші және қырық екінші абзацтары 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады;

4) осы Заңның 1-бабы 1-тармағы 84) тармақшасының сегізінші және тоғызыншы абзацтары 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады;

5) осы Заңның 1-бабы 1-тармағы 82) тармақшасының екінші – алтыншы, онын



(Соңы. Басы 1, 10-беттерде)

Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражатының, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар қаражатының есебінен жүзге асырылады.

3. Бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылатын жұмыстардың тапсырыс берушілері және (немесе) орындаушылары болып табылатын геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері бұрын жасалған кеңістіктік деректерді пайдалануға міндетті.

4. Бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік ақпараттық жүйелерді, дерекқорларды, кадастрларды, географиялық ақпараттық жүйелер мен ресурстарды, геопорталдарды, геосервистерді жүргізуді жүзеге асыратын геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері бірінші цифрлық картографиялық негізді пайдалануға міндетті.

11-бап. Геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы мемлекеттік меншік

Мемлекеттік геодезиялық желілердің, мемлекеттік нивелірлік желілердің, мемлекеттік геометриялық желілердің пункттері, геодезиялық және картографиялық өнімдер, сондай-ақ бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылатын геодезиялық және картографиялық қызметтің нәтижесінде алынған гидрографиялық, аэроғарыштық түсірілм және геометриялық материалдар мен деректер Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігі болып табылады.

2-тарau. ГЕОДЕЗИЯ, КАРТОГРАФИЯ ЖӘНЕ КЕҢІСТІКТІК ДЕРЕКТЕР САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

12-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы қызметі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

- 1) геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;
- 2) мемлекеттік есептеу жүйелерін және картографиялық проекцияларды белгілеу;
- 3) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымына кеңістіктік деректерді ұсыну қағидаларын бекіту;
- 4) Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде өзінге жүктелген өзге де функцияларды орындау.

13-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті органның құзыретіне мыналар жатады:

- 1) геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) геодезиялық пункттерді қорғау, бұзу немесе қайта салу (орнын ауыстыру) туралы қағидаларды әзірлеу және бекіту;
- 3) мемлекеттік геодезиялық, нивелірлік және геометриялық желілерді жасау мен дамытуға ұйымдастыру;
- 4) топографиялық карталар мен жоспарларды жасау және жариялау отыру;
- 5) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің қызметін үйлестіру;
- 6) мемлекеттік мақсаттағы геодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындауды ұйымдастыру;
- 7) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құру және дамыту;

8) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттарын жобалауыран, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті орғана енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыйнаытаушытарын әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар және стандарттару жөнінде ұсынымдар дайындау;

9) бюджет қаражатының есебінен орындлатын аэроғарыштық жұмыстарының, геодезиялық және картографиялық жұмыстардың құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

10) жергілікті координаттық есептеу жүйелерін белгілеу;

11) мемлекеттік, халықаралық, жергілікті координаттық есептеу жүйелері арасындағы трансформациялау мен өзгерту параметрлерін әзірлеу және бекіту;

12) Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

13) жергілікті координаттық есептеу жүйелерін белгілеу мен пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

14) Қазақстан Республикасының Ұлттық ыңәуіліздік комитетімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын межелеу мен шегендеуді жүргізуді техникалық жағынан қамтамасыз ету туралы қағидаларды әзірлеу және бекіту;

15) бюджет қаражатының есебінен жасалатын картографиялық өнімді жаңартып отыру кезеңділігін әзірлеу және бекіту;

16) бюджет қаражатының есебінен картографиялық өнімді жасау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

17) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын құру және жаңартып отыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

18) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымын пайдалану жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

19) салалық көтермелеу жүйесін әзірлеу және бекіту;

20) геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізімін жүргізу;

21) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің мүдделерін ескере отырып, геодезиялық, картографиялық жұмыстардың және аэроғарыштық түсірілім жұмыстарының деректер мен материалдарын есепте алу, сақтау, көбітеу және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

22) бюджет қаражатының есебінен орындлатын геодезиялық, картографиялық жұмыстардың және аэроғарыштық түсірілім жұмыстарының тізбесін әзірлеу және бекіту;

23) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

24) мемлекеттік, халықаралық, жергілікті координаттық есептеу жүйелерінің арасындағы трансформациялау және өзгерту параметрлерін айқындау және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

25) тұрақты жұмыс істейтін референциялы станцияларды орнату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

26) тұрақты жұмыс істейтін референциялы станцияларды мемлекеттік геодезиялық желілерге жатқызу және қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

27) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу және қабілеті заманың технологияларды ендіру;

28) нивелірлеу жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

29) мемлекеттік геодезиялық, нивелірлік және геометриялық желілерді жасау және дамыту жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;

30) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымына кеңістіктік деректерді ұсыну қағидаларын әзірлеу;

31) мемлекеттік есептеу жүйелері мен картографиялық проекцияларды әзірлеу;

32) базалық кеңістіктік деректердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

33) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

14-бап. Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органының геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы құзыреті

Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың жергілікті атқарушы органының геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

- 1) уәкілетті органның келісу бойынша елді мекендердің картографиялық өнімін жасау және жаңартып отыру жөніндегі жұмыстарды картографиялық өнімді жаңартып отырудың бекітілген кезеңділігіне сәйкес ұйымдастыру;
- 2) елді мекендердің картографиялық өнімінің сақталуын және бір данасының Ұлттық кеңістіктік деректер қорына беруін қамтамасыз ету;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру.

15-бап. Геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы халықаралық ыңымақтастық

1. Қазақстан Республикасы өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытуға ұмтылуды негізге ала отырып, геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы халықаралық ыңымақтастықты жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының атынан өкілдік етеді.

16-бап. Геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы нормативтік құжаттардың мемлекеттік жүйесі

1. Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын геодезиялық және картографиялық қызметті мемлекеттік реттеу осы Заңның қолданылуымен, сондай-ақ геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы нормативтік құжаттардың мемлекеттік жүйесімен қамтамасыз етіледі.

2. Геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы нормативтік құжаттардың мемлекеттік жүйесі мыналарды қамтиды:

- 1) нормативтік құқықтық актілер;
- 2) орындлатын геодезиялық, топографиялық және картографиялық жұмыстардың дәлдігіне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін нормативтік техникалық құжаттар мен ерікті түрде қолданылатын нормативтік техникалық құжаттар;
- 3) геодезиялық, картографиялық нұсқаулықтар, нормалар мен қағидалар;

карталар мен жоспарлардың шартты белгілері, сыныпталуыштар;

3) геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы стандарттау жөніндегі ерікті түрде қолданылатын нормативтік техникалық құжаттар;

4) халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында қолданыла енгізілген геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы мемлекетаралық стандарттар мен қағидалар.

3. Геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы нормативтік құжаттардың мемлекеттік жүйесінің объектілері:

- 1) мемлекеттік топографиялық карталардың 1:10000, 1:25000, 1:50000, 1:100000, 1:200000, 1:500000, 1:1000000 масштабтық қатары;
- 2) мемлекеттік топографиялық жоспарлардың 1:500, 1:1000, 1:2000, 1:5000 масштабтық қатары;
- 3) мемлекеттік геодезиялық желі болып табылады.

3-тарau. ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КАРТОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖҰЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

17-бап. Координаттық есептеу жүйесі, биіктік есептеу жүйесі және геометриялық есептеу жүйесі

1. Геодезиялық және картографиялық жұмыстар мемлекеттік, жергілікті координаттық есептеу жүйелері, биіктік есептеу жүйелері және геометриялық есептеу жүйелері пайдаланыла отырып орындалады.

2. Жердің пішіні мен гравитациялық өрісінің параметрлері, өзге де параметрлер мемлекеттік координаттық, биіктік, геометриялық есептеу жүйелерін белгілеу шеңберінде айқындалады.

3. Геодезиялық және картографиялық қызметтің барлық субъектілері мемлекеттік және жергілікті координаттық есептеу жүйелері арасындағы өзгертудің бекітілген параметрлерін қолдануға міндетті.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың кеңістіктік деректері мен картографиялық материалдарын адықтығы мемлекеттік және жергілікті координаттар жүйелерінен жаңадан қабылдатын координаттық есептеу жүйелеріне көшіруді жүзеге асыруды кеңістіктік деректер мен картографиялық материалдардың нелері орындайды.

18-бап. Кеңістіктік деректер

1. Кеңістіктік деректер базалық кеңістіктік деректер мен тақырыптық кеңістіктік деректерден тұрады.

Географиялық ақпараттық жүйелерде интеграциялау және бірлесіп пайдалану үшін біріденділерін негіз ретінде жалпыға бірдей қолжетімді стандартталған кеңістіктік деректердің жиынтығы базалық кеңістіктік деректер болып табылады.

Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері ғылыми, өндірістік немесе өзге де қызмет процесінде жасайтын кеңістіктік деректер тақырыптық кеңістіктік деректерге жатады.

2. Базалық кеңістіктік деректер геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің пайдалануы үшін бастапқы деректер болып табылады.

19-бап. Жергілікті жер объектілері туралы ақпаратты беру

1. Бюджет қаражатының есебінен жасалатын кеңістіктік деректер мен геосервистердің метадеректері Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының мемлекеттік геопорталында орналастырылуға тиіс.

2. Ариалуы, топографиялық карталар мен жоспарларда бейнеленуе жататын жергілікті жер объектілері туралы кеңістіктік деректердің нелері болып табылатын орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар тиісті аумақтың геодезиялық және картографиялық жұмыстарын бюджет қаражаты есебінен орындайтын геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерінің сұрау салулары бойынша картографиялық және геодезиялық материалдардың көшірмелерін уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен береді.

20-бап. Ұлттық кеңістіктік деректер қоры

1. Ұлттық кеңістіктік деректер қоры уәкілетті органның қарамағында болады және оны мемлекеттік қаспосынан жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кеңістіктік деректер қоры Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қарамағында болады.

3. Ұлттық кеңістіктік деректер қорын жүргізу кезінде мемлекеттік қаспосынан.

1) жоспардалатын жұмыс уәкелелерінде жергілікті жердің геодезиялық және картографиялық жағынан зерделенуі туралы мәліметтерді геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне беруі;

2) кеңістіктік деректерді, метадеректерді қабылдау мен интероперабельділігі тұрғысынан тексеруді және оларды Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының мемлекеттік геопорталында орналастыруы;

3) Қазақстан Республикасының кезекші анықтамалық картасын жүргізуді;

4) геодезиялық пункттерді есепке алуды, тұрақты

жұмыс істейтін референциялы станциялар желісінің тұтастығын бақылауды;

5) мемлекеттік геодезиялық желілердің тұрақты жұмыс істейтін референциялы станциялар арқылы дәлдігі жоғары спутниктік позициялық мәліметтерін геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне беруі;

6) Қазақстан Республикасы географиялық атауларының дерекқорын жүргізуді;

7) Ұлттық кеңістіктік деректер қорының құрамына жатқызылған материалдар мен деректерді есепке алуды, жинауды, сақтауды және олардың сақталуын қамтамасыз етуі;

8) әкімшілік-аумақтық бірліктер шекараларының дерекқорын жүргізуді жүзеге асырады.

Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар әкімшілік-аумақтық бірліктер мен географиялық объектілердің шекараларын, атауын өзгерту туралы шешімдерді көшірмелерін Ұлттық кеңістіктік деректер қорына ұсынуға міндетті.

4. Ұлттық кеңістіктік деректер қорының геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілерімен өзара іс-қимыл жасауы және мәліметтерді ұсыну географиялық ақпараттық жүйе арқылы және (немесе) қағаз түрінде жүзеге асырылады.

5. Белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құрамына жатқызылған, Ұлттық кеңістіктік деректер қорының цифрлық және (немесе) аналогтық түрдегі кеңістіктік деректері «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақталыды.

6. Бюджет қаражатының есебінен геодезиялық және картографиялық қызмет нәтижесінде алынған және Ұлттық кеңістіктік деректер қорының құрамына жатқызылған, цифрлық және (немесе) аналогтық түрдегі кеңістіктік деректер мемлекеттік меншікке болады және иеліктен шығаруға жатпайды, сондай-ақ оларды басқа мемлекеттерге тұрақты сақтауға әкетуге болмайды.

7. Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызметтердің бағаларын уәкілетті орган монополияға қарсы органның келісуі бойынша Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне көзделген тәртіппен белгілейді.

Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдарға аталған қызметтер тетін көрсетіледі.

8. Геодезиялық және картографиялық қызметті жүзеге асыратын субъектілер өздері бюджет қаражаты есебінен жасаған материалдар мен деректер көшірмелерінің бір данасын Қазақстан Республикасының авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнамасына сәйкес Ұлттық кеңістіктік деректер қорына өтеусіз ұсынуға міндетті.

Материалдар мен деректердің тізбесі, оларды Ұлттық кеңістіктік деректер қорына ұсынудың тәртібі Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мәліметтерін қалыптастыру, жинау, сақтау, пайдалану және беру қағидаларында белгіленеді.

9. Ұлттық кеңістіктік деректер қорының мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын материалдарымен және деректерімен жұмыс Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасы сақтала отырып жүзеге асырылады.

10. Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері алынған, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге, оларды жария етпеуге және уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде қайтаруға міндетті.

21-бап. Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымы

1. Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымы мыналарды қамтиды:

- 1) базалық және тақырыптық кеңістіктік деректерді, оның ішінде апаратын жүйелерді пайдалана отырып жасаудың, жинаудың, сақтаудың, сәйкестендірудің, ұсыну мен таратудың жалпы қағидаларын белгілейтін нормативтік техникалық құжаттар, мемлекетаралық стандарттар;
- 2) мемлекеттік геодезиялық, нивелірлік және геометриялық желілер;
- 3) кеңістіктік деректердің жинақтары;
- 4) метадеректер;
- 5) геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілері үшін тұрақты жұмыс істейтін референциялы станциялардың деректерін кол жеткізуді қамтамасыз ететін мемлекеттік геодезиялық қамтамасыз етудің ақпараттық желісі;
- 6) бірінғай цифрлық картографиялық негіз;
- 7) Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының мемлекеттік геопорталы.

2. Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымы Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымына кеңістіктік деректерді ұсыну қағидаларына сәйкес кеңістіктік деректердің жинақтарын алмасудың және ұсынудың бірінғай форматтарын қолдану арқылы интероперабельділікті қамтамасыз ету талаптары ескеріле отырып қалыптастырылады.

22-бап. Кеңістіктік деректердің жинақтары

1. Кеңістіктік деректердің жинақтары Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымына кеңістіктік деректерді ұсыну қағидаларында белгіленген тәртіппен Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымына енгізіледі. Кеңістіктік деректердің әрбір жинағына және осы жинақтарға арналған сервистерге міндетті түрде метадеректер қоса беріледі.

2. Кеңістіктік деректердің жинақтарына кол жеткізу геосервистер арқылы не пайдаланушыға уәкілетті орган айқындаған тәртіппен кеңістіктік деректерді беру арқылы қамтамасыз етіледі.

3. Бюджет қаражатының есебінен қалыптастырылатын базалық кеңістіктік деректердің жинақтары мен тақырыптық кеңістіктік деректердің жинақтары Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының негіз қалаушы құрауыштары болып табылады.

4. Тақырыптық кеңістіктік деректердің жинақтары базалық кеңістіктік деректердің жинақтары ескеріле отырып жасалады және жаңартылып отырады.

Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымына енгізілетін тақырыптық кеңістіктік деректердің жинақтары мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардың мәліметтерімен, мемлекеттік кадастрлардың, тіркелімдердің, тізілімдердің, дерекқорлардың, оның ішінде мемлекеттік географиялық ақпараттық жүйелер мен ресурстардың құрамынан қалыптастырылады.

5. Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымына енгізілген базалық және тақырыптық кеңістіктік деректер жинақтарының мемлекеттік географиялық ақпараттық жүйелер мен ресурстарды жасау және (немесе) жаңарту кезінде пайдалануы міндетті болып табылады.

6. Өзге ақпараттық көздердің мәліметтерінен қалыптастырылған базалық және тақырыптық кеңістіктік деректердің жинақтары осындай жинақтар нелерінің Ұлттық кеңістіктік деректер қорына жіберілетін өтімділері бойынша Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының құрамына енгізілуі мүмкін.

7. Ұлттық кеңістіктік деректер қорына мәліметтер ұсынып геодезиялық және картографиялық қызметтің субъектілері Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымына енгізілген кеңістіктік деректер жинақтарының толықтығы, анықтығы және өзіктілігі үшін жауапты болады.

Ұлттық кеңістіктік деректер қорын жүргізуге уәкілеттік берілген мемлекеттік қаспосын кеңістіктік деректердің интероперабельділігі мен оларды Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының мемлекеттік геопорталында орналастыру үшін жауапты болады.

23-бап. Метадеректер

1. Метадеректер Ұлттық кеңістіктік деректер

инфрақұрылымының құрамына енгізілген кеңістіктік деректердің жинақтары мен осы жинақтарға арналған геосервистерге қалыптастырылады.

2. Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының мемлекеттік геопорталында метадеректерді орналастыруды және оларға қол жеткізуді Ұлттық кеңістіктік деректер қорын жүргізуге уәкілеттік берілген мемлекеттік қаспосын қамтамасыз етеді.

24-бап. Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының мемлекеттік геопорталы

1. Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының мемлекеттік геопорталын жүргізуді, бағдарламалық-техникалық жағынан қолдап отыруды және бағдарламалық-техникалық құралдарының кешенін жаңғыртуды уәкілетті орган қамтамасыз етеді.

2. Ұлттық кеңістіктік деректер инфрақұрылымының құрамына енгізілген кеңістіктік деректер жинақтарының меншік иелері геосервистердің және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайлы келмейтін өзге де тәсілдердің көмегімен кеңістіктік деректердің жинақтары өздерінің веб-порталдарында орналастыруға, сондай-ақ оларға пайдаланушылар мен Ұлттық кеңістіктік деректер қорының кол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті. Кеңістіктік деректер жинақтарының меншік иесінің өз веб-порталы болмаған жағдайда, ол өзі қалыптастыраған кеңістіктік деректер жинақтары орналастыру және осы жинақтармен басқа да іс-қимылдарды орындау үшін уәкілетті